

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Патриотизмге тәрбиелеу – біртектіліктің нышаны.

Сыздықов Қ.

ОҚЫТУШЫ

Қазақстандық жеке тұлғаны отансүйгіштік рухта тәрбиелеу жолдарын елбасы Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан-2030” атты еңбегінің “Қазақстан мұраты” деп аталатын бөлімінде: “_ _ _ біздің балаларымыз бен немерелеріміз_ _ _ бабалардың игі дәстүрлерін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономиканы меңгере алатын, өркендеу дәуірінде күллі әлемге сыйлы әрі өз елінің патриоттары болады”- деп үміт артады.

Жас буынға Отанды, атамекенді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу- аға буынның оның ішінде алғашқы білім нәрімен сусындататын бастауыш сынып мұғалімінің аса жауапты да қадірлі парызы. Халқымызды елжандылыққа тәрбиелеу арқылы, біз ұлттық біртектілікті сақтап қала аламыз.

Орыс халқының академигі Г.Н.Волков “Без памяти нет традиций, без воспитания нет духовности, без духовности нет личности, без личности нет народа как исторической общности”- сапалы тұлға жайында нақты өз тұжырымын білдіреді.

Қазақ халқы- рухани құндылықтардың мұрагері.Төл жәдігеріміз-ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер,өлең,жыр, терме, ата тілегі- ұлттық тәрбие бесігі. Осы тұрғыдан келгенде мақал-мәтелдер халқымыздың өткені мен кешегісі емес ол бүгінгі халқымыздың жанды дауысы. “Отан-оттан да ыстық”, “Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас”, “Туған жердің қадірін шетте жүрсең білерсің”. Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге деген ыстық сезім, ата-мекенге деген құрмет пен қасиетті қазақ халқының мәдени құндылығы – мақал мәтелдерден айқын көрінеді.

Ата-баларымыздың бойындағы отансүйгіштік қасиеттері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырғаны заңдылық. Дәлел, кешегі жоңғар секілді алып империямен алысуы, ресей патшалығының зеңбірегіне жалаң қылышпен қарсы тұруы осы Отанына деген сүйіспеншіліктің, елжандылықтың негізі.

Мәлік Ғабдуллин:”Қазақ мақалының күші” атты мақаласында “Қазақ мақалы, оның данышпандық сөздері майданшы үшін өте керек. Махамбет батыр әрі ақын болып қалың қолды бастағанда күшті сайманы халық қазынасы- сөз маржанын жолдас етіп алды. Осы дәстүрді мықтап ұстанған

адамдардың бірі- Б.Момышұлы” деген болатын [1,38]. Мақал мәтелдермен сусындап өскен батыр Бауыржан атамyz асыл сөздерді әрі қару әрі ұран етті.”Отан үшін отқа түс күймейсін, Опасызда отан жоқ, Ежелден ел тілегі-ер тірегі,адал ұл ер боп шықса – ел тірегі, Тізе бүгін тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық, Ерлік-елдің қасиеті, жүректілік-жігіттің қасиеті”[2]. Осы ұлағатты сөздер, електен сұрыпталған асыл ойлар еліміздің батырларының патриоттық сезімдеріне,бойындағы қайсарлылығына себеп болды.

Римдік ұлы тұлға сөз шебері Марк Цицерон “Бізге ата-аналарымыз қымбат, бірақ не нәрсеге болсын сүйіспеншілік туралы барлық түсініктеріміз <<Отан>> деген бір ғана өзінің өмірін құрбан етсе нағыз адал адам болғаны”- дейді.

Өсер ұрпақтың жақсы тәлім тәрбие алуы тікелей ата-анаға қатысты.Жүрегі ізгілік пен мейрімге толы адамгершілігі жоғары иман жүзді, көргенді ата-ананың тәрбиелеген ұл-қызы саналы да сапалы тәрбиелі болмақ.

Мәшһүр Ж.Баласағұн дастанында әке тәрбиесіне аса көңіл бөлген: Бейбастық қып өсірсе ұлдың қылығын

Кінәлі әке, жазығы жоқ ұлының[3,69]

Тәрбие жөнінде М.Жұмабаев “Тәрбие- адам баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп өсіру”- дейді.

Жалпы білім беретін орта мектептің жан-жақты дамуы және зиялылық деңгейі мен практикалық машығы заман талабына сай жеке тұлғаны оқытып, тәрбиелей алатындай болуы тиіс. Рухани байлықтың түп-тамыры ең алдымен, әр халықтың ұлттық салт-дәстүрі, мәдени байлығында болатыны белгілі. Сол ұлттық байлықты адамзат ұрпағына адал тәрбиелеу, білім беру ісіндегі озық үлгілерімен, тұғырлы ұстанымдарымен тығыз байланыстыра отырып дамыту, жас ұрпақтың қабілетін жетілдіру, осы арқылы өзіне деген сенімін нығайту, өз жолын өзі тануына түрткі болу бүгінгі күннің басты мәселесі.

Оқушыны тіл сабақтарында сөз өнері арқылы әдептілікке, әсемдікке, инабаттылыққа, бауырмалыққа, еңбекқорлыққа, ең бастысы ұлтжанды, отансүйгіштікке рухта тәрбие беруіміз шарт.

Ұлы педагог К.Д.Ушинский тәрбие жайындағы тұжырымы”где нет общественного мнения о воспитании, там нет и общественного воспитания ” [4,64]

Тәрбиелеудің негізгі мақсаты-жас буынның ой-өрісін жан-жақты дамыту,жаңа заман талабына сай әлемнің дамыған өркениетті елдері қатарына кіру.

Қазіргі таңда Қазақстан елі азаматтық қоғам құрудың жолында күресуде сол үшін саяси,экономикалық,қоғамдық және мәдени озық білім үлгілері, қазақстандықтардың өзінің мәдени мұраларын терең меңгеруіне талап етуде.

Әрине, қазақстанның жаңа буын өкілдерінің тұлға етіп өсіру негізгі міндет және де азаматтық қоғам құруда отансүйгіштік тәрбие берудің орны басым.

Мына төмендегі тәрбие көздерін мектеп оқушыларын тәрбиелеуде оқу бағдарламаларында кеңінен қолданылса барлығының шешімі болары еді.

- Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту,отанға деген құрмет

- Мемлекеттік тілді терең меңгерту
- Мемлекеттік рәміздерді бағалау, оларға құрмет көрсету
- Отандық қайреткерлердің әр салада жеткен жетістіктерін мақтан тұтуға және бүгінгі жастардың осындай тағы басқа жетістіктерге қол жеткізе алатынына ынталандыру
- Ұлттық нақыштарды, рухани құндылықтарды сүйеге және өзінің қасиеттерін, мәдениетін таныту
- Тұлғаның білімді болуы өзінің азаматтық міндеті және басқа да игі істерді орындауы азаматтық борышы екенін түсіндіру.

Жоғарыдағы тәрбиелеу жолдарын мынадай әдіс-тәсілдермен тәрбиелесе;

- (Отан дегеніміз не? Біз өз отанымыз туралы не білеміз? Отандық жетістіктер!) тақырыптарында дөңгелек стол, пресс-конференция т.б ұйымдастыру.
- Патриоттық тақырыптарда; әдебиеттер оқу, жаттығулар орындау, сөзжұмбақтар шешу, көрнекі құралдар пайдалану, қабырға газеттерін ілу.
- Мемлекеттік және ұлттық мерекелерде (Республика күні, Тәуелсіздік күні, Наурыз, айт) кештер ұйымдастыру.

Бала-тәрбиелеу мәселесінің негізгі өзегі-өмір тәжірбиесі, халықтың әдет-ғұрпы. Тәрбиелеу адам баласының ғұмырындағы көнермейтін, өмір ағысынан ажырамайтын ағыс.

Әрбір бала қоғамның әлеуметтік байлығы, сондықтан олардың тұлғалық жоғары парасаттылық, ақылдылық пен адамгершілік негізін қалыптастыру-мұғалімдердің басты парызы болуы тиіс. Яғни әрбір жеке тұлғаға білім мен тәрбие беруде ұлттық қасиеттерімізді дарытуды естен шығармаған жөн.

Әдебиеттер:

1. Ғабдуллин М. Сұрапыл жылдар. Алматы, Жазушы, 1968.
2. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2004
3. Әбиев Ж. Педагогика тарихы Алматы, 2006
4. Волков Г.Н. Этнопедагогика Москва-2000

Резюме

В статье рассматривается проблема воспитания патриотизма у молодого поколения средствами народной мудрости.

Summary

This article deals with the patriotic upbringing of future generation by folklore genres.

Özet

Bu makalede milli fõlklorümüzün vasitasiyla genç nesillerimize vatanseverlik egitimi meseleleri söz edilmektedir.